



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

Қазақстан Республикасының төлем балансы және сыртқы борышы

2019 жылғы 1- жартыжылдықтағы

Қараша 2019

Бұл жарияланымды Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті дайындады. Жарияланымда Қазақстан Республикасының сыртқы секторының дамуындағы соңғы үрдістер көрсетіледі және елдің төлем балансына, халықаралық инвестициялық позициясына және сыртқы борышына байланысты статистикалық есептер, сондай-ақ осы есептерге талдамалық түсініктемелер берілген. Статистикалық есептер жан-жақты жасалған талдамалық кестелермен, сыртқы сектордың статистикасын жасау әдіснамасын және оны жасауға арналған ақпарат көздерін сипаттаумен толықтырылған. Жеке статистикалық қосымшалармен инвестициялардың түрлері бойынша халықаралық инвестициялардың қорлары мен ағындарының құрылымы берілген. Жарияланымның кезеңділігі тоқсан сайын – басылым ақпан, мамыр, тамыз және қараша айларында шығады. Үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде шығарылады.

Статистикалық деректер әдіснамасы өзгерген және (немесе) сыртқы экономикалық операциялар туралы қосымша ақпарат алған кезде бұрын жарияланған тарихи деректер қатары түзетілуі мүмкін. Регламентке сәйкес Қазақстан Республикасы сыртқы секторының статистикалық деректерін қайта қарау жылына екі рет – жарты жылдық және жылдық төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш жөніндегі есептерді жасау кезінде жүзеге асырылады және есепті жылдың алдындағы екі жылды қамтиды. Жаңартылған деректер жыл сайын мамырда және қарашада жарияланады.

Деректерді нақтылаудың негізгі көзі есептерді жасау кезінде қосымша түскен ақпаратты алу - валюталық операциялар туралы хабарлау және тіркеу шеңберінде алынған деректер, төлем балансы жөніндегі статистикалық есепті қоспағанда, басқа ақпарат көздерінен алынған деректермен салыстырған кезде статистикалық сәйкессіздіктерді анықтау, сондай-ақ ресми сауда статистикасының деректерін нақтылау болып табылады.

Осы жарияланымда келтірілген кестелердегі жекелеген жағдайларда деректерді дөңгелектеу салдарынан қорытындылар және қосылатын сома арасындағы соңғы разрядта шамалы айырмашылықтар болуы ықтимал.

Осы жарияланымға арналған статистикалық деректерді қалыптастыру күні - 2019 жылғы 30 қыркүйек. 2016-2018 жылдардағы деректерді соңғы жаңарту күні - 2019 жылғы 30 қыркүйек.

Ұсынылған статистикалық деректер бойынша қосымша ақпаратты Төлем балансы және валюталық реттеу департаментінен алуға болады

мекен-жайы: 050040, Алматы қаласы, Көктем-3 ш/а, 21-үй

телефондары: (727) 270-46-40 (төлем балансы)

(727) 270-49-38 (халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш)

электрондық пошта: akbota.mukhamediyeva@nationalbank.kz

Төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш жөніндегі стандартты және талдамалы түрде көрсетілген статистикалық есептерді, сондай-ақ осы есептерді жасауға арналған әдіснамалық түсініктемелерді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің <http://www.nationalbank.kz> веб-сайтынан алуға болады. Көрсетілген статистикалық есеп ҚҰБ-нің веб-сайтына есептік кезең аяқталғаннан кейін 90-шы күні қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде орналастырылады.

Мазмұны

Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 1-жартыжылдықтағы төлем балансы	5
<i>Төлем балансына қосымшалар:</i>	
1. Қазақстан Республикасының төлем балансы: талдамалық ұсыным.....	13
2. Қазақстан Республикасының төлем балансы: резиденттердің экономикалық секторлары бойынша.....	14
3. Қазақстан Республикасының төлем балансы стандарттық ұсыным, негізгі баптар.....	15
4. Қазақстан Республикасының төлем балансы: стандарттық ұсыным	16
5. Қазақстан Республикасының төлем балансының абсолютті және салыстырмалы өлшемдері.....	25
I қосымша. Төлем балансына талдау қосымшалары	
I.1. Сыртқы сауда және сауда балансы.....	27
I.2. Халықаралық қызметтер балансы.....	31
I.3. 2018 жылғы және 2019 жылғы 1-жартыжылдықтағы Қазақстан Республикасының сыртқы сауда айналымы	34
I.4. Қазақстан Республикасының ресми статистика деректері бойынша сыртқы сауданың тауарлық құрылымы	35
I.5. Ресми статистика деректері бойынша жекелеген тауарлардың экспорты бойынша бағаны және сандық жеткізулерді талдау.....	36
I.6. Қазақстан Республикасының ресми статистика деректері бойынша сыртқы сауданың географиялық құрылымы..	37
I.7. 2018-2019 жж. 1- жартыжылдықтағы бойынша кеңейтілген жіктеу бойынша Қазақстан Республикасы халықаралық қызмет балансы	38
I.8. Қызметтердің сыртқы саудасының географиялық құрылымы.....	40
I.9. Қазақстан Республикасының 2018-2019жж. 1 жартыжылдықтағы елдер бөлігіндегі қызмет түрлері бойынша қызметтермен сыртқы саудасы	41
I.10. Бастапқы кірістер балансы	69
I.11. Қайталама кірістер балансы	70
I.12. 2018-2019 жылдардағы 1-жартыжылдықтағы жеке трансферттер (жеке тұлғалардың ақша аударымдары)	71
I.13. Қаржы шотының ағындары (талдамалық ұсыну)	72
I.14. Қысқа мерзімді капитал ағындары	73
I.15. Жеке сектордың капиталды таза әкелуі/әкетуі	74
Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша халықаралық инвестициялық позициясы	75
<i>Халықаралық инвестициялық позицияға қосымшалар:</i>	
1. Қазақстанның халықаралық инвестициялық позициясы: стандарттық ұсыным	80
2. Резиденттердің экономика секторлары бойынша халықаралық инвестициялық позициясы	85
3. 2019 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Қазақстандық банктердің резидент еместерге берген кредиттері бойынша берешек	87
4. Қазақстанның резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша халықаралық инвестициялық позициясы	88
5. Қазақстанның елдер бойынша халықаралық инвестициялық позициясы	90
6. Қазақстан резиденттерінің олардың экономикалық қызмет түрлері бойынша және негізгі елдер бойынша сыртқы міндеттемелері	94
II қосымша. Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар	
II.1. Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар: кезең соңындағы позиция.....	97
II.2. Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар: кезеңдегі ағындар	98
II.3. Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар: кезеңдегі кірістер.....	100

II.4. Қазақстанға шетел тікелей инвесторлардан әкелінген тікелей инвестициялардың резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша жалпы ағыны.....	101
II.5. Қазақстанға шетел тікелей инвесторлардан әкелінген тікелей инвестициялардың елдер бойынша жалпы ағыны	103
II.6. Қазақстандық тікелей инвесторлардан әкетілген тікелей инвестициялардың резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша жалпы ағыны	105
II.7. Қазақстандық тікелей инвесторлардан әкетілген тікелей инвестициялардың елдер бойынша жалпы ағыны	107
Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 1 шілдедегі сыртқы борышы	108
<i>Сыртқы борышқа қосымшалар:</i>	
1. Сыртқы борыш: стандарттық ұсыным	113
2. Сыртқы борыш: абсолютті және салыстырмалы өлшемдер	115
3. 2019 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жалпы сыртқы борышқа (ЖСБ) қызмет көрсету бойынша төлемдердің кестесі.....	116
4. Сыртқы борыштың жағдайы: қалған өтеу мерзімі бойынша қысқа мерзімді борыш, секторлар бойынша	117
5. Сыртқы борыштың жағдайы: ұлттық және шетел валютасындағы сыртқы борыш.....	119
6. Сыртқы борыштың жағдайы: шетел валютасындағы сыртқы борыш	120
7. Сыртқы борыштың жағдайы: Резиденттер шығарған және резидент еместерге тиесілі борыштық бағалы қағаздар, эмиссия орны бойынша.....	121
8. Елдер бойынша сыртқы борыш	122
9. Резиденттердің қызмет түрлері бойынша сыртқы борыш.....	125
10. Кеңейтілген айқындаудағы мемлекеттік сектордың сыртқы борышы.....	127
11. Кредитор және заем алушы секторлары бойынша сыртқы борыш.....	128
12. Сыйақы мөлшерлемелерінің түрі бойынша сыртқы борыш	129
13. Сыртқы борыштың жағдайы: Ағындар мен қорларды келісу	130
14. 2019ж. II тоқсандағы жасалған шарттар бойынша заем қаражаттарын болжалды тартудың сомасы.....	131
 III қосымша. Статистикалық әдіснама	
III.1. Төлем балансына және халықаралық инвестициялық позицияға әдіснамалық түсіндірме	141
III.2. Қазақстанның төлем балансын және халықаралық инвестициялық позициясын жасаудың ақпараттық базасы	147
III.3. Төлем балансының талдау индекстері мен бағалау көрсеткіштерін есептеу әдістемелері	153
III.4. Сыртқы сектор статистикасының жаңа әдіснамаға көшуі туралы	157
III.5. Қазақстан Республикасының сыртқы борыш көрсеткіштерінің халықаралық инвестициялық позициясының баптарына сәйкестігі	159

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2019 ЖЫЛҒЫ

1-жартыжылдықтағы

ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ

Төлем балансында белгіленген уақыт кезеңі үшін әлемдегі қалған елдермен елдің экономикалық операциялары (резиденттер және бейрезиденттер) жиынтық түрде көрсетіледі. Төлем балансының деректері нақты және қаржы ресурстарының барлық түрлерімен сыртқы экономикалық қатынастар динамикасында сипатталатын ағындардың экономикалық санатын білдіреді. Төлем балансында халықаралық операцияларды жүргізуге байланысты емес қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері құнының өзгерістері көрсетілмейді.


Ағымдағы операциялар шоты

2019 жылғы 1-жартыжылдық үшін ағымдағы операциялар шоты 2018 жылғы 1-жартыжылдықтағы деңгеймен салыстырғанда 30,7%-ға ұлғайып, 1,9 млрд АҚШ доллары (бұдан әрі – долл.) болды, 2018 жылғы 1-жартыжылдықта ағымдағы шот дефициті (-)1,5 млрд долл. болды. Ағымдағы шот дефициті энергия тасымалдауыштардың әлемдік бағасының нашарлауы аясында сауда балансы профицитінің төмендеуіне себепші болды (1-диаграмма).

2019 жылғы 1-жартыжылдықта Brent сұрыпты мұнайдың әлемдік бағасы орташа алғанда бір баррель үшін 65,8 долл. болып, 2018 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 6,9%-ға төмендеді (2018 жылғы 1-жартыжылдықта орташа алғанда бір баррель үшін 70,7 АҚШ доллары). Төлем балансын жіктеу бойынша тауарлар экспорты 2018 жылғы 1-жартыжылдықтағы көрсеткішпен салыстырғанда 0,8%-ға ұлғайып, 28,6 млрд долл. болды. Төлем балансын жіктеу бойынша тауарлар импорты 2018 жылғы 1-жартыжылдықтағы деңгейдегі 7,2%-ға ұлғайып, 17,2 млрд долл. болды.

Тауарлардың ресми экспорты 28,6 млрд долл. болды, бұл 2018 жылғы 1-жартыжылдықтағы көрсеткіштен 1,6%-ға аз. Мұнай және газ конденсатының құны (ресми экспорттың жалпы құнынан 57,7%) 2018 жылғы 1-жартыжылдықтағы көрсеткішпен салыстырғанда келісімшарт бағасының төмендеуі есебінен 6,6%-ға қысқарды. Қара металдар экспорты

1-диаграмма. Ағымдағы шоттың негізгі құрауыштары (млрд. АҚШ долл.)



келісімшарт бағасының төмендеуі есебінен, сол сияқты нақты жеткізу көлемінің азаюы есебінен 16,8%-ға төмендеді. Түсті металдар экспорты келісімшарт бағасы төмендеген кезде нақты жеткізулер көлемінің ұлғаюы есебінен 3,1%-ға өсті. Астық экспорты 19,3%-ға өсті.

Тауарлардың ресми импорты 2018 жылғы 1-жартыжылдықтағы көрсеткішпен салыстырғанда 7,9%-ға өсіп, 17,1 млрд долл. болды. Инвестициялық тауарлар бойынша импорт құнының ең көп ұлғаюы (жалпы импорттан 39,6%) 24,3% немесе 1,3 млрд долл. болды. Аралық тұтыну тауарларының импорты 5,0%-ға немесе 296,1 млн долларға қысқарды. Тұтынушылық тауарлар импорты 4,2%-ға немесе 177 млн долларға ұлғайды. Бұл ретте азық-түлік тауарларын әкелу 6,3%-ға немесе 104,6 млн долларға төмендеді, ал

азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 11,2%-ға немесе 281,5 млн долларға өсті.

Қазақстанның негізгі сауда әріптестерінің бірі Ресейден импорт, 2018 жылғы 1-жартыжылдықпен салыстырғанда 6,2 млрд долларға дейін 0,8%-ға қысқарды, Қытайдан 2,8 млрд АҚШ долларына дейін 12,8%-ға ұлғайды. Ресейдің жалпы импорттағы үлесі 39,7%-дан 36,6%-ға дейін төмендеді, Қытайдың үлесі 15,7%-дан 16,4%-ға дейін өсті.

Халықаралық қызметтер балансының дефициті 2018 жылғы 1-жартыжылдықтағы көрсеткішпен салыстырғанда, 1,8 млрд долларға дейін 6,7%-ға төмендеді. Көрсетілетін қызметтер экспорты 1,2%-ға ұлғайған кезде, көрсетілетін қызметтер импорты 1,6%-ға қысқарды. Халықаралық қызметтердің сыртқы сауда айналымы 0,5%-ға төмендеп, 8,9 млрд долл. болды.

Қызмет көрсету экспорты 43,4 млн долларға ұлғайып, 3,5 млрд доллар болды. Қызмет көрсету экспортының өсімі отандық авиатасымалдаушылардың кірістерінің 18,0%-ға немесе 51,9 млн долларға, сондай-ақ бейрезиденттердің жүктерін автожол көлігімен тасымалдауды жүзеге асыратын қазақстандық компаниялардың кірістерінің 17,2%-ға немесе 16 млн долларға ұлғаюымен қамтамасыз етілді. Отандық көлік компанияларының республиканың аумағы арқылы мұнай және газ құбыр транзиті бойынша қызмет көрсету экспортындағы ең көп үлесті (30,3%) құрайтын бейрезиденттерге көрсететін қызметі 6,0%-ға немесе 68,4 млн долларға төмендеді және 1,1 млрд долл. болды. Бейрезиденттердің Қазақстанға іссапарының шығыстары (қызмет көрсету экспортынан 28,4%) 5,5%-ға немесе 1,0 млрд долларға дейін 58,6 млн долларға қысқарды.

Халықаралық қызметтер импорты 88,9 млн долларға төмендеп, 5,4 млрд доллар болды. Импорттың төмендеуі резиденттердің құрылыс қызметі шығыстарының 1,4 есе немесе 123,0 млн долларға азаюына, бұл негізінен Нұр-Сұлтан қ. жеңіл рельсті көлік жолы

құрылысының тоқтай тұруына байланысты, сондай-ақ жөндеу және техникалық қызмет көрсету, көбінесе теміржол көлігінің жабдықтары мен вагондары бойынша қызметтердің 23,0%-ға немесе 47,4 млн долларға азаюына себепші болды. Бейрезиденттердің көлік қызметті бойынша кірістері резиденттердің жүктерін теміржол және автожол көлігімен тасымалдау бойынша қызмет көрсетуден түсімдер есебінен 9,4%-ға немесе 93,5 млн долларға ұлғайып, 1,1 млрд доллар болды. Қазақстандықтардың шетелге іссапарларының шығыстары 2018 жылғы 1-жартыжылдықтағы деңгейде қалыптасып, 1,3 млрд долл. болды.

Бастапқы кірістер балансының тапшылығы басым түрде шетелдік тікелей инвесторлар кірістерінің қысқаруы есебінен 2018 жылғы 1-жартыжылдықтағы көрсеткішпен салыстырғанда 3,6%-ға төмендеп, 11,6 млрд долларды құрады, оның жартысынан көбін олар Қазақстандағы өзінің еншілес кәсіпорындарын қаржыландыруға бағыттады.

Бейрезиденттердің инвестициялардан түскен кірістері 2,2%-ға төмендеп, 1,2 млрд доллар болды. Осы кірістердің көп бөлігі елдің ресми резервтерінен түскен (Ұлттық қордың резервтік активтері және шетелдік активтері) кірістерге тиесілі, олар 2018 жылғы 1-жартыжылдықтағы 0,7 млрд доллардан 2019 жылғы 1-жартыжылдықтағы 0,6 млрд долларға дейін 5,6%-ға қысқарды.

Бейрезиденттерге төлеуге инвестициялық кірістер 12,1 млрд долларға дейін 3,7%-ға төмендеді. Оның ішінде, бейрезиденттердің тікелей инвестициялардан түскен кірістері 2018 жылғы 1-жартыжылдықтағы 11,2 млрд доллардан 2019 жылғы 1-жартыжылдықтағы 10,8 млрд долларға дейін 2,8%-ға қысқарды.

1- кесте

Қаржы шотының балансы (резервтік активтерді қоспағанда)

" + " – активтердің/міндеттемелердің ұлғаюы; " - " - активтердің/міндеттемелердің төмендеуі


млн АҚШ доллары

	2017 1-жартыжылдық	2018 1-жартыжылдық	2019 1-жартыжылдық
Қаржы шоты	-2070,1	1394,6	3740,0
<i>Қаржы активтерін таза сатып алу</i>	4053,9	-449,9	3838,5
Тікелей инвестициялар	1493,7	-3366,2	-2800,3
Портфельдік инвестициялар	-129,6	-613,7	3094,1
Туынды қаржы құралдары	-4,9	54,7	-16,9
Басқа инвестициялар	2694,6	3475,3	3561,6
<i>Міндеттемелерді таза қабылдау</i>	6124,0	-1844,5	98,5
Тікелей инвестициялар	4743,6	908,7	916,5
Портфельдік инвестициялар	2003,1	-2630,3	-1125,6
Туынды қаржы құралдары	-148,6	-17,4	34,2
Басқа инвестициялар	-474,1	-105,5	273,4

Олардың 76,7%-ы бөлінген кірістер мен дивидендтер түріндегі немесе шетелдік тікелей инвесторлардың қазақстандық кәсіпорындардың бөлінбеген пайдасына (немесе зиянға) үлесі (реинвестициялар деп аталатын) түріндегі капиталға қатысу кірістерін құрайды. Тікелей инвестициялау қатынастарына байланысты емес кредиторларға сыйақы төлеу 10,8%-ға төмендеді және 1,3 млрд долл. болды.

Қайталама кірістер балансының профициті 2018 жылғы 1-жартыжылдықтағы 250,9 млн доллармен салыстырғанда 157,8 млн долл. болды. Еуразиялық Экономикалық Одақ шеңберінде қайта бөлінген кедендік баждардың Қазақстанға нетто-түсімдері 16,6%-ға төмендеді.

Жеке тұлғалардың шетелге ақша аударымдары (жеке трансферттер) 8,6%-ға қысқарып, 473,3 млн доллар болды. Ресей Федерациясына және Қытайға аударымдар төмендеді. Бұл ретте Қырғызстан мен Түркияға аударымдар өсті. Жеке тұлғалардың шетелден аударымдары негізінен Ресей Федерациясынан түсімдердің қысқаруы есебінен 5,2%-ға төмендеді. Бұл ретте Корея Республикасынан, Өзбекстаннан және АҚШ-тан түсімдер ұлғайды.

2-диаграмма. Қаржы шотының құрылымы (млрд АҚШ доллары)

Қаржы шоты (Ұлттық Банктің резервтік активтерімен операцияларды қоспағанда)

Қаржы шоты бойынша таза әкету (сыртқы активтердің таза өзгерісі мен сыртқы міндеттемелердің таза өзгерісі арасындағы айырма) 2019 жылғы 1-тоқсанда 3,7 млрд АҚШ долларын құрады (2018 жылғы 1-тоқсанда таза әкету 1,0 млрд АҚШ доллары). Резиденттер активтерінің ұлғаюы міндеттемелердің өсімінен айтарлықтай асып кетті (1-кесте), бұл қаржылық операциялар бойынша капиталдың таза әкетілуін немесе «басқа елдерді таза кредиттеуді» қамтамасыз етті.

Экономика секторларына бөлінген қаржы шотының балансы

"+" - активтердің/міндеттемелердің ұлғаюы; "-" - активтердің/міндеттемелердің төмендеу

млн АҚШ доллары

	2017 1- жартыжылдық	2018 1- жартыжылдық	2019 1- жартыжылдық
Қаржы шоты	-2070,1	1394,6	3740,0
<i>Орталық Банк</i>	-95,2	-227,5	-267,5
Қаржы активтерін таза сатып алу	215,2	58,3	-286,5
Міндеттемелерді таза қабылдау	310,4	285,7	-19,0
<i>Банктер</i>	449,8	-370,1	1967,2
Қаржы активтерін таза сатып алу	-871,2	-398,7	2051,6
<i>o.i. тікелей инвестициялау операциялары бойынша</i>	25,5	-0,7	21,1
Міндеттемелерді таза қабылдау	-1321,0	-28,6	84,5
<i>o.i. тікелей инвестициялау операциялары бойынша</i>	9,3	290,5	65,8
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	-937,5	1811,8	451,8
Қаржы активтерін таза сатып алу	-1033,4	727,0	277,4
Міндеттемелерді таза қабылдау	-95,9	-1084,8	-174,4
<i>Басқа секторлар</i>	-1487,2	180,3	1588,5
Қаржы активтерін таза сатып алу	5743,3	-836,5	1796,0
<i>o.i. тікелей инвестициялау операциялары бойынша</i>	1393,7	-3425,9	-2980,1
Міндеттемелерді таза қабылдау	7230,5	-1016,8	207,4
<i>o.i. тікелей инвестициялау операциялары бойынша</i>	4734,3	618,2	850,7

Резиденттер экономикасы секторы бойынша 2019 жылғы 1-жартыжылдықта елімізден капиталдың таза әкетілуі Мемлекеттік басқару органдарының, Банктердің және Басқа секторлардың операцияларымен қамтамасыз етілді, Орталық банк секторы бойынша активтердің қысқаруы міндеттемелердің төмендеуінен асып түсті, осы арқылы капиталдың таза әкелінуі қамтамасыз етілді (2-кесте).

Қаржы шотының құрылымында инвестициялар түрлері бойынша капиталдың таза әкелінуі тікелей инвестициялар бойынша, ресурстардың нетто-әкетілуі портфельдік, өзге орта және ұзақ мерзімді және басқа қысқа мерзімді инвестициялар бойынша тіркелген (2-диаграмма).

Тікелей инвестициялар

Тікелей инвестициялар бойынша (ШТИ) капиталдың таза әкетілуі (теріс сальдо) 2019 жылғы 1-жартыжылдықта 3,7 млрд долларды (2018 жылғы 1-жартыжылдықта 4,3 млрд доллар) құрады және резиденттердің активтері

қысқаруымен және міндеттемелерінің өсуімен қамтамасыз етілді (3-кесте).

ШТИ операциялары бойынша қаржылық активтердің 2,8 млрд долларға таза төмендеуі резиденттердің шетелдік еншілес ұйымдарының капиталын алып қоюымен және шетелдік үлестес компаниялардың қазақстандық кәсіпорындар алдындағы борыштық міндеттемелерін өтеуіне байланысты болды.

ШТИ бойынша міндеттемелерді таза қабылдау 0,9 млрд долларды құрады. ШТИ бойынша резиденттер міндеттемелерінің ұлғаюы бейрезиденттердің кірістерін (тікелей инвесторлардың үлесіне тиесілі бөлінбеген пайда) қайта инвестициялаумен қамтамасыз етілді. Сонымен қоса, қазақстандық кәсіпорындардың шетелдік үлестес тұлғалар алдындағы борыштық міндеттемелерін өтеуі және төлем балансында капиталды алып қою ретінде сыныпталатын бейрезиденттерге супердивидендтерді біршама төлеу резиденттердің кірісті қайта инвестициялауға міндеттемелері өскенін ішінара өтеді.

3- кесте

Тікелей инвестициялар балансы

("+" – активтердің/міндеттемелердің ұлғаюы; "-" - активтердің/міндеттемелердің төмендеуі)

млн АҚШ доллары

	2017 1-жартыжылдық	2018 1-жартыжылдық	2019 1-жартыжылдық
Тікелей инвестициялар (нетто)	-3249,9	-4274,9	-3716,8
Активтер/міндеттемелер қағидаты бойынша			
Қаржы активтерін таза сатып алу	1493,7	-3366,2	-2800,3
Кірісті қайта инвестициялауды қоспағанда, капиталға қатысу	1141,0	-893,6	-2554,9
Кірісті қайта инвестициялау	49,0	42,7	37,1
Борыштық құралдар	303,6	-2515,4	-282,6
Міндеттемелерді таза қабылдау	4743,6	908,7	916,5
Кірісті қайта инвестициялауды қоспағанда, капиталға қатысу	755,0	-3439,7	-2679,1
Кірісті қайта инвестициялау	2698,0	4881,9	4444,2
Борыштық құралдар	1290,6	-533,6	-848,6

Қазақстанға шетелдік тікелей инвестициялардың (ШТИ) жалпы әкелінуі 2018 жылғы 1-жартыжылдықтағы көрсеткішіне қарағанда 3,1%-ға төмендеді және 12,1 млрд долларды құрады. ШТИ жалпы әкелінуінің жартысына жуығын (53,4%) 2019 жылғы 1-жартыжылдықта өңделмеген мұнай және табиғи газды өндіруге салымдар құрайды, олар 6,5 млрд долларға дейін 3,4%-ға ұлғайды. Металлургия өнеркәсібіне шетелдік тікелей инвестициялардың салымдары (ШТИ-дің жалпы әкелінуінен 10,5%) 34,8%-ға 1,3 млрд долларға дейін төмендеді, көтерме және бөлшек саудаға, автокөлік құралдарын жөндеуге (ШТИ-дің жалпы әкелінуінен 11,4%) 28,2%-ға 1,4 млрд долларға дейін төмендеді.

Елдер бойынша ШТИ-дің жалпы әкеліну құрылымында Нидерланд (ШТИ

жалпы түсімдерінен 28,1%) басым болып келеді, одан кейін АҚШ (24,6%), Швейцария (8,3%), Қытай (7,6%), Ресей Федерациясы (5,2%), Франция (4,4%), Бельгия (4,3%), Ұлыбритания (2,8%), Түркия (2,3%) және Жапония (1,8%-дан).

Портфельдік инвестициялар және туынды қаржы құралдары

Портфельдік инвестициялар бойынша таза әкетілуі 2019 жылғы 1-жарты жылда негізінен резиденттер активтерінің өсуі есебінен 4,2 млрд долларды (4-кесте) құрады.

Портфельдік инвестициялар бойынша қаржы активтері Ұлттық Қордың, банктердің және банктік емес сектор кәсіпорындарының портфеліндегі шетелдік бағалы қағаздардың ұлғаюы есебінен 3,1 млрд долларға өсті.

4- кесте

Экономика секторлары бөлігінде портфель инвестициялары бойынша операциялар

млн АҚШ доллары

	2017 жылғы 1-жарты жыл	2018 жылғы 1-жарты жыл	2019 жылғы 1-жарты жыл
Қаржы активтерін таза сатып алу	-129,6	-613,7	3094,1
Орталық Банк	0,0	0,0	0,0
Банктер	129,0	-163,4	174,8
Капиталға қатысу құралдары мен инвестициялық қорлардағы үлес	-0,3	0,0	0,0
Борыштық бағалы қағаздар	129,3	-163,4	174,8
Мемлекеттік басқару органдары	-89,8	-400,5	940,0
Капиталға қатысу құралдары мен инвестициялық қорлардағы үлес (10% -дан кем)	410,4	-81,4	-66,1
Борыштық бағалы қағаздар	-500,1	-319,0	1006,1
Басқа секторлар	-168,8	-49,8	1979,3

	2017 жылғы 1-жарты жыл	2018 жылғы 1-жарты жыл	2019 жылғы 1-жарты жыл
Капиталға қатысу құралдары мен инвестициялық қорлардағы үлес үлес (10% -дан кем)	196,2	-191,4	4,0
Борыштық бағалы қағаздар	-365,0	141,5	1975,3
Міндеттемелерді таза қабылдау	2003,1	-2630,3	-1125,6
<i>Орталық Банк</i>	<i>340,4</i>	<i>295,1</i>	<i>-16,1</i>
Борыштық бағалы қағаздар	340,4	295,1	-16,1
<i>Банктер</i>	<i>-968,2</i>	<i>-112,2</i>	<i>-253,6</i>
Капиталға қатысу құралдары мен инвестициялық қорлардағы үлес (10% -дан кем)	-16,4	-2,4	4,9
Борыштық бағалы қағаздар	-951,8	-109,9	-258,5
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	<i>21,6</i>	<i>-923,0</i>	<i>196,8</i>
Борыштық бағалы қағаздар	21,6	-923,0	196,8
<i>Басқа секторлар</i>	<i>2609,3</i>	<i>-1890,1</i>	<i>-1052,8</i>
Капиталға қатысу құралдары мен инвестициялық қорлардағы үлес (10% -дан кем)	1,9	-1830,2	28,9
Борыштық бағалы қағаздар	2607,5	-59,9	-1081,7
Портфель инвестицияларының балансы	-2132,7	2016,6	4219,7

Портфельдік инвестициялар бойынша міндеттемелердің азаюы 1,1 млрд АҚШ долларды құрады, ол Қазақстанның кәсіпорындары мен банктерінің олар бұрын шығарған еурооблигацияларды өтеуі нәтижесінде қалыптасты.

Туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша теріс сальдо 51,1 млн долларды (оң сальдо 2018 жылғы 1-жарты жылда 72,1 млн долларды) құрады. Туынды құралдармен операцияларды басым жағдайда шетел валютасымен экспорттық түсімдерді хеджирлейтін Қазақстан банктері мен қаржылық емес ұйымдары жасады.

Басқа инвестициялар

Басқа инвестициялар бабы бойынша тіркелетін операциялар бойынша таза әкетілу (оң сальдо) активтердің 3,6 млрд долларға өсуі нәтижесінде 3,3 млрд доллар болды.

Басқа инвестициялар бабы бойынша қаржы активтері банктердің шетелдік шоттардағы қысқа мерзімді активтерінің өсуі, сондай-ақ банктік емес ұйымдардың дебиторлық берешегінің ұлғаюы және төлем балансында сыныпталмаған жеке тұлғалардың қолма-қол шетел валютасымен операциялары есебінен 3,6 млрд долларға ұлғайды (Ұлттық Банктің бағалауы) (6-кесте).

5- кесте

Резиденттердің "Басқа инвестициялар" бабында көрсетілген міндеттемелерді таза қабылдауы

("+" - міндеттемелердің өсуі, "-" - міндеттемелердің төмендеуі)

млн АҚШ доллары

	2017 жылғы 1-жартыжылдық	2018 жылғы 1-жартыжылдық	2019 жылғы 1-жартыжылдық
Капиталға қатысудың басқа құралдары	1,8	0,2	0,2
<i>Басқа секторлар</i>	<i>1,8</i>	<i>0,2</i>	<i>0,2</i>
Орта және ұзақ мерзімді инвестициялар	-817,8	-502,9	-780,6
<i>Орталық Банк</i>	<i>-27,2</i>	<i>-5,0</i>	<i>0,0</i>
Қолма-қол валюта мен депозиттер	-27,2	-5,0	0,0
Басқа міндеттемелер	0,0	0,0	0,0
<i>Банктер</i>	<i>-329,2</i>	<i>-386,5</i>	<i>-547,0</i>
Қолма-қол валюта мен депозиттер	8,2	-13,4	-100,8
Кредиттер мен қарыздар	-337,5	-373,0	-446,2
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	<i>-118,8</i>	<i>-164,3</i>	<i>-371,9</i>
Кредиттер мен қарыздар	-117,6	-164,3	-371,9
Басқа да міндеттемелер	-1,1	0,0	0,0

	2017 жылғы 1-жартыжылдық	2018 жылғы 1-жартыжылдық	2019 жылғы 1-жартыжылдық
<i>Басқа секторлар</i>	-342,6	53,0	138,3
Сақтандыру, зейнетақы бағдарламалары және стандартты кепілдік беру бағдарламалары	11,6	27,7	36,6
Кредиттер мен қарыздар	-269,2	-147,9	155,4
Сауда кредиттері мен аванстар	-61,8	173,8	-53,9
Басқа да міндеттемелер	-23,2	-0,7	0,3
Қысқа мерзімді инвестициялар	341,9	397,2	1053,8
<i>Орталық Банк</i>	-2,8	-4,4	-2,9
Қолма-қол валюта мен депозиттер	-0,9	-5,5	-3,0
Сауда кредиттері мен аванстар	-1,9	1,1	0,1
Басқа да міндеттемелер	0,0	0,0	0,0
<i>Банктер</i>	111,0	174,1	783,2
Қолма-қол валюта мен депозиттер	64,4	98,6	226,2
Кредиттер мен қарыздар	22,2	42,1	-69,1
Басқа да міндеттемелер	24,4	33,5	626,1
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	1,3	2,6	0,6
Сауда кредиттері мен аванстар	1,3	2,6	0,6
<i>Басқа секторлар</i>	232,4	224,8	272,9
Кредиттер мен қарыздар	36,7	-58,8	20,4
Сауда кредиттері мен аванстар	215,9	236,9	365,0
Басқа да міндеттемелер	-20,2	46,8	-112,4
Міндеттемелерді таза қабылдау, барлығы	-474,1	-105,5	273,4

6- кесте

**Резиденттердің «Басқа инвестициялар» бабында көрсетілген
қаржы активтерін таза сатып алуы**

("+"- активтердің ұлғаюы, "-" - активтердің төмендеуі)

млн АҚШ доллары

	2017 жылғы 1-жарты жыл	2018 жылғы 1-жарты жыл	2019 жылғы 1-жарты жыл
<i>Орталық Банк</i>	140,7	-2,1	-445,2
Қолма-қол валюта және депозиттер	70,8	10,2	53,9
Кредиттер мен қарыздар	69,9	-12,4	-499,1
<i>Банктер</i>	-1021,5	-258,8	1868,1
Капиталға қатысудың басқа құралдары	0,0	0,1	0,0
Қолма-қол валюта және депозиттер	-1117,3	103,2	1257,3
Кредиттер мен қарыздар	-23,9	-395,8	-36,7
Басқа да талаптар	119,6	33,7	647,5
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	-941,6	1097,4	-662,6
Капиталға қатысудың басқа құралдары	35,6	29,5	29,4
Қолма-қол валюта және депозиттер	-1088,1	1075,7	-678,2
Кредиттер мен қарыздар	-1,9	-3,1	-3,1
Сауда кредиттері мен аванстар	112,8	-4,7	-10,7
Басқа да талаптар	0,0	0,0	0,0
<i>Басқа секторлар</i>	4517,1	2638,7	2801,3
Капиталға қатысудың басқа құралдары	3,3	0,7	0,5
Қолма-қол валюта және депозиттер	3403,7	-1895,2	27,0
Кредиттер мен қарыздар	3,3	3,8	-80,5
Сауда кредиттері мен аванстар	-30,7	1430,0	453,0
Басқа да талаптар	1137,5	3099,4	2401,3
Қаржылық активтерді таза сатып алу, барлығы	2694,6	3475,3	3561,6

Орта-ұзақ мерзімді инвестициялар бойынша міндеттемелер бұрын бейрезиденттерден алынған кредиттер мен қарыздарды Банктердің және Мемлекеттік басқару органдарының өтеуі есебінен 0,8 млрд долларға (5-кесте) қысқарды.

Қысқамерзімді инвестициялар бойынша міндеттемелердің 1,1 млрд долларға ұлғаюы банктік емес ұйымдардың кредиторлық берешегінің және банктердің бейрезиденттер алдындағы басқа да міндеттемелерінің өсуіне байланысты болды.


Жеке сектордың капиталды таза әкелуі/әкетуі қаржылық шотта тіркелген жеке сектордың (банктердің және басқа секторлардың) операцияларын, сондай-ақ төлем балансының баптары бойынша сыныпталмаған операцияларды (қателер мен олқылықтар) қамтиды. 2019 жылғы 1-жартыжылдықтың қорытындысы бойынша жеке сектордың капиталды таза әкелуі 2018 жылғы 1-жартыжылдықтағы 1,9 млрд доллар таза әкелумен салыстырғанда 3,3 млрд доллар болды (3-диаграмма).

Банктердің операциялары бойынша 2,0 млрд доллар мөлшерде капиталды таза әкету олардың активтері көбінесе шетелдік шоттарда өсуімен байланысты. Басқа секторлар бойынша 1,3 млрд доллар капиталды таза әкету банктік емес сектор кәсіпорындарының портфелінде шетелдік бағалы қағаздардың ұлғаюы есебінен өсуімен, банктік емес сектор кәсіпорындарының дебиторлық берешегі өсуімен және төлем балансында сыныпталмаған (Ұлттық Банктің бағалауы бойынша) жеке тұлғалардың қолма-қол шетел валютасымен операциялардың өсуімен қамтамасыз етілді.

Резервтік активтер

Төлем балансының операциялары бойынша *резервтік активтер* 5,4 млрд долларға төмендеді. Резервтік активтердің қысқаруы негізінен резиденттердің қаражатты Ұлттық Банктегі валюталық шоттардан алып алуымен және Ұлттық Банктің теңгемен активтерді валюталық активтерге конвертациялауға байланысты. Осылайша, 2019 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 28,2 млрд АҚШ доллары деп бағаланды, ол тауарлар мен қызметтердің қазақстандық импортын 7,2 айға қаржыландыру қажеттілігін өтейді.

3-диаграмма. Жеке сектордың капиталды таза әкелуі (+)/әкетуі(-)
(млрд АҚШ доллары)



Қазақстан Республикасының төлем балансы: талдамалық ұсыным

(млн.АҚШ доллары)

	2017	2018	2018				2019 1 жартыжылд ық	2019	
			I	II	III	IV		I	II
Ағымдағы операциялардың шоты	-5 101,9	-288,9	-913,6	-556,0	-346,4	1 527,2	-1 920,1	-163,0	-1 757,1
Сауда балансы	16 727,8	25 532,0	6 082,7	6 201,0	6 273,0	6 975,3	11 361,5	6 190,4	5 171,1
Экспорт	47 301,0	59 778,7	13 657,8	14 679,8	15 356,0	16 085,1	28 568,0	13 327,0	15 240,9
Импорт	30 573,2	34 246,7	7 575,1	8 478,8	9 083,0	9 109,8	17 206,5	7 136,6	10 069,9
Қызмет балансы	-3 577,8	-4 673,9	-940,5	-1 041,3	-1 312,1	-1 380,1	-1 849,5	-949,2	-900,3
Экспорт	6 504,9	7 304,3	1 591,2	1 895,1	2 010,0	1 808,1	3 529,7	1 644,3	1 885,4
Импорт	10 082,6	11 978,3	2 531,7	2 936,4	3 322,0	3 188,2	5 379,2	2 593,5	2 785,7
Бастапқы кірістер балансы	-18 148,5	-22 065,1	-6 180,4	-5 842,0	-5 630,6	-4 412,1	-11 589,9	-5 508,2	-6 081,8
Еңбекақы төлеу (нетто)	-1 501,3	-1 583,9	-355,4	-395,7	-429,0	-403,8	-755,7	-368,4	-387,4
Инвестициялық кірістер	-16 782,3	-20 616,2	-5 858,8	-5 480,0	-5 235,3	-4 042,1	-10 900,1	-5 172,9	-5 727,2
Алынатын кірістер	2 309,4	2 478,0	586,7	634,0	648,2	609,1	1 193,6	499,7	693,9
Тікелей инвестициялардан кірістер	795,5	649,2	156,2	157,0	184,6	151,3	292,5	62,0	230,5
Портфельдік инвестициялардан кірістер	1 031,4	1 217,5	289,4	327,4	295,3	305,4	658,7	311,0	347,7
Басқа инвестициялардан кірістер	482,5	611,4	141,2	149,6	168,2	152,4	242,4	126,6	115,8
<i>o.i. резервтер мен Ұлттық қордың активтері бойынша сыйақы</i>	1 161,2	1 311,8	313,4	355,0	323,5	319,9	631,1	309,9	321,2
Төленетін кірістер	19 091,7	23 094,2	6 445,5	6 114,0	5 883,5	4 651,2	12 093,6	5 672,5	6 421,1
Тікелей инвестициялардан кірістер	16 532,0	20 438,1	5 764,2	5 389,8	5 205,1	4 079,0	10 839,4	5 056,1	5 783,4
Портфельдік инвестициялардан кірістер	1 198,5	1 181,8	302,4	376,0	279,5	223,9	552,6	248,8	303,8
Басқа инвестициялардан кірістер	1 361,2	1 474,3	379,0	348,2	398,9	348,3	701,6	367,7	333,9
Басқа бастапқы кірістер (нетто)	135,0	135,0	33,8	33,8	33,8	33,8	65,9	33,1	32,8
Қайталама кірістер балансы	-103,4	918,2	124,6	126,3	323,2	344,1	157,8	103,9	53,9
Капиталмен операциялар шотының балансы	346,8	203,4	69,9	117,7	29,9	-14,1	47,8	37,4	10,4
Қаржылық шот (ҚҰБ резервтік активтерін алып тастағанда)	-5 478,4	2 631,7	1 000,8	393,8	377,4	859,7	3 740,0	4 010,0	-270,1
Тікелей инвестициялар	-3 756,1	-4 857,6	-3 546,1	-728,8	-845,1	262,4	-3 716,8	-2 562,7	-1 154,1
Қаржылық активтерді таза алу	956,5	-4 643,8	-2 505,9	-860,4	-273,7	-1 003,8	-2 800,3	-592,0	-2 208,3
Міндеттемелерді таза қабылдау	4 712,6	213,8	1 040,2	-131,5	571,4	-1 266,3	916,5	1 970,6	-1 054,2
Портфельдік инвестициялар	-5 398,3	2 632,9	1 642,6	374,0	1 028,3	-412,0	4 219,7	3 286,0	933,6
Қаржылық активтерді таза алу	-3 246,9	-997,7	124,8	-738,5	-1 303,9	919,9	3 094,1	2 631,4	462,7
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	-5 803,8	-854,3	-380,1	-20,4	-2 205,0	1 751,2	940,0	861,8	78,1
Банктер	872,2	-91,9	-37,9	-125,4	-8,2	79,6	174,8	110,7	64,1
Басқа секторлар	1 684,7	-51,4	542,8	-592,6	909,3	-910,9	1 979,3	1 658,9	320,4
Міндеттемелерді таза қабылдау	2 151,4	-3 630,6	-1 517,8	-1 112,5	-2 332,2	1 331,9	-1 125,6	-654,6	-471,0
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	-83,2	-73,5	273,4	-901,3	-464,6	1 019,0	180,8	260,8	-80,1
Банктер	-836,6	-164,5	-100,6	-11,7	13,7	-66,0	-253,6	-191,9	-61,7
Басқа секторлар	3 071,2	-3 392,5	-1 690,7	-199,5	-1 881,3	378,9	-1 052,8	-723,6	-329,2
Туынды қаржы құралдары (нетто)	115,5	109,4	0,5	71,6	37,4	-0,2	-51,1	-38,6	-12,5
Басқа инвестициялар	3 560,6	4 746,9	2 903,8	677,0	156,8	1 009,3	3 288,2	3 325,2	-37,0
Капиталға қатысушы басқа құралдар (нетто)	37,0	33,7	29,5	0,6	2,1	1,5	29,7	27,6	2,1
Орта- және ұзақ мерзімді борыштық құралдар	-466,0	2 486,4	328,2	-16,1	905,8	1 268,6	683,5	626,4	57,1
Қаржылық активтерді таза алу	-419,4	-4,6	-54,3	-136,4	334,1	-148,0	-97,1	-203,2	106,1
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	-33,6	-14,0	0,8	-1,9	-4,8	-8,1	-1,4	0,2	-1,6
Банктер	-44,9	-44,2	-46,3	15,7	-5,0	-8,6	-12,1	-1,5	-10,7
Басқа секторлар	-340,8	53,6	-8,7	-150,2	343,8	-131,3	-83,6	-202,0	118,4
Міндеттемелерді таза қабылдау	46,6	-2 491,1	-382,5	-120,3	-571,7	-1 416,5	-780,6	-829,6	49,0
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	-177,1	-284,7	-99,7	-69,7	-78,0	-37,4	-371,9	-342,5	-29,4
Банктер	-235,2	-645,7	-420,3	33,9	-360,7	101,5	-547,0	-470,5	-76,6
Басқа секторлар	458,9	-1 560,7	137,5	-84,5	-133,0	-1 480,7	138,3	-16,6	155,0
Қысқа мерзімді борыштық құралдар	3 989,6	2 226,8	2 546,0	692,6	-751,1	-260,7	2 575,0	2 671,3	-96,3
Қаржылық активтерді таза алу	4 921,7	3 493,9	2 412,8	1 222,9	-63,8	-78,0	3 628,7	2 847,3	781,5
Міндеттемелерді таза қабылдау	932,1	1 267,2	-133,2	530,3	687,3	182,7	1 053,8	176,0	877,8
Қателер және қалып қойғандар	-2 088,9	1 190,9	950,8	742,6	803,7	-1 306,3	242,0	-331,3	573,2
Жалпы баланс	1 365,5	1 526,2	893,6	89,5	-109,7	652,8	5 370,4	4 466,9	903,4
Қаржыландыру	-1 365,5	-1 526,2	-893,6	-89,5	109,7	-652,8	-5 370,4	-4 466,9	-903,4
ҚҰБ-нің резервтік активтері	-1 365,5	-1 526,2	-893,6	-89,5	109,7	-652,8	-5 370,4	-4 466,9	-903,4
ХВҚ-тің кредиттері	0,0	0,0					0,0		
Айрықша қаржыландыру	0,0	0,0					0,0		

Қазақстан Республикасының төлем балансы: резиденттердің экономикалық секторлары бойынша

(млн.АҚШ доллары)

	2017	2018	2018				2019 1 жартыжыл дық	2019	
			I	II	III	IV		I	II
Ағымдағы операциялардың шоты	-5 101,9	-288,9	-913,6	-556,0	-346,4	1 527,2	-1 920,1	-163,0	-1 757,1
Сауда балансы	16 727,8	25 532,0	6 082,7	6 201,0	6 273,0	6 975,3	11 361,5	6 190,4	5 171,1
Экспорт	47 301,0	59 778,7	13 657,8	14 679,8	15 356,0	16 085,1	28 568,0	13 327,0	15 240,9
Импорт	30 573,2	34 246,7	7 575,1	8 478,8	9 083,0	9 109,8	17 206,5	7 136,6	10 069,9
Қызмет балансы	-3 577,8	-4 673,9	-940,5	-1 041,3	-1 312,1	-1 380,1	-1 849,5	-949,2	-900,3
Экспорт	6 504,9	7 304,3	1 591,2	1 895,1	2 010,0	1 808,1	3 529,7	1 644,3	1 885,4
Импорт	10 082,6	11 978,3	2 531,7	2 936,4	3 322,0	3 188,2	5 379,2	2 593,5	2 785,7
Бастапқы кірістер балансы	-18 148,5	-22 065,1	-6 180,4	-5 842,0	-5 630,6	-4 412,1	-11 589,9	-5 508,2	-6 081,8
Еңбекақы төлеу (нетто)	-1 501,3	-1 583,9	-355,4	-395,7	-429,0	-403,8	-755,7	-368,4	-387,4
Инвестициялық кірістер	-16 782,3	-20 616,2	-5 858,8	-5 480,0	-5 235,3	-4 402,1	-10 900,1	-5 172,9	-5 727,2
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	755,0	868,7	182,8	252,0	202,2	231,8	410,3	185,5	224,8
Алынатын кірістер	1 184,7	1 313,8	313,5	355,0	323,7	321,5	634,8	311,1	323,7
Төленетін кірістер	429,6	445,1	130,8	103,1	121,6	89,7	224,5	125,6	98,9
Банктер	-547,6	-579,6	-193,4	-173,1	-105,0	-108,2	-294,7	-105,2	-189,5
Алынатын кірістер	122,7	165,8	24,5	37,0	58,5	45,7	64,1	25,5	38,6
Төленетін кірістер	670,3	745,4	217,9	210,1	163,5	153,9	358,7	130,7	228,0
Басқа секторлар	-16 989,8	-20 905,3	-5 848,2	-5 558,9	-5 332,4	-4 165,7	-11 015,8	-5 253,2	-5 762,5
Алынатын кірістер	1 002,0	998,4	248,6	241,9	266,0	241,9	494,6	163,0	331,6
Төленетін кірістер	17 991,8	21 903,7	6 096,9	5 800,9	5 598,4	4 407,6	11 510,4	5 416,3	6 094,1
Басқа бастапқы кірістер (нетто)	135,0	135,0	33,8	33,8	33,8	33,8	65,9	33,1	32,8
Қайталама кірістер балансы	-103,4	918,2	124,6	126,3	323,2	344,1	157,8	103,9	53,9
Капиталмен операциялар шотының балансы	346,8	203,4	69,9	117,7	29,9	-14,1	47,8	37,4	10,4
Қаржылық шот	-6 843,9	1 105,4	107,1	304,3	487,1	206,8	-1 630,4	-456,9	-1 173,5
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	-7 126,8	833,5	-656,0	1 257,2	-1 211,9	1 444,2	-5 186,1	-2 986,4	-2 199,7
Қаржылық активтерді таза алу	-7 389,5	477,9	-487,7	289,8	-1 750,2	2 426,0	-5 379,5	-3 068,5	-2 311,0
Тікелей инвестициялар	112,3	203,1	42,7	17,7	91,4	51,4	158,6	120,5	38,1
Портфельдік инвестициялар	-5 803,8	-854,3	-380,1	-20,4	-2 205,0	1 751,2	-940,0	-861,8	-78,1
Туынды қаржы құралдары	-12,8	30,1	0,0	30,1	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Басқа инвестициялар	-319,6	2 625,3	743,3	352,0	253,7	1 276,2	-1 107,8	416,0	-1 523,8
ҚҰБ-нің резервтік активтері	-1 365,5	-1 526,2	-893,6	-89,5	109,7	-652,8	-5 370,4	-4 466,9	-903,4
Міндеттемелерді таза қабылдау	-262,6	-355,6	168,3	-967,4	-538,3	981,8	-193,4	-82,1	-111,3
Портфельдік инвестициялар	-83,2	-73,5	273,4	-901,3	-464,6	1 019,0	180,8	260,8	-80,1
Туынды қаржы құралдары	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Басқа инвестициялар	-179,4	-282,1	-105,1	-66,1	-73,7	-37,2	-374,2	-343,0	-31,2
Банктер	1 017,7	-456,9	535,5	-905,6	660,5	-747,3	1 967,2	1 346,5	620,7
Қаржылық активтерді таза алу	49,9	-487,8	235,8	-634,4	466,5	-555,7	2 051,6	1 082,0	969,6
Тікелей инвестициялар	37,9	42,4	-1,9	1,2	7,7	35,4	21,1	1,4	19,7
Портфельдік инвестициялар	872,2	-91,9	-37,9	-125,4	-8,2	79,6	174,8	110,7	64,1
Туынды қаржы құралдары	-20,6	66,5	57,9	-33,7	16,8	25,5	-12,3	-21,0	8,7
Басқа инвестициялар	-839,6	-504,8	217,7	-476,5	450,2	-696,2	1 868,1	991,0	877,1
Міндеттемелерді таза қабылдау	-967,8	-30,9	-299,7	271,1	-194,0	191,6	84,5	-264,5	349,0
Тікелей инвестициялар	109,3	393,6	141,1	149,3	44,7	58,5	65,8	44,4	21,4
Портфельдік инвестициялар	-836,6	-164,5	-100,6	-11,7	13,7	-66,0	-253,6	-191,9	-61,7
Туынды қаржы құралдары	-137,4	23,1	74,4	-68,9	-9,5	27,1	36,2	16,8	19,4
Басқа инвестициялар	-103,1	-283,1	-414,7	202,4	-242,8	172,1	236,1	-133,7	369,8
Басқа секторлар	-734,8	728,8	227,6	-47,4	1 038,5	-490,0	1 588,5	1 183,0	405,5
Қаржылық активтерді таза алу	8 193,1	-3 536,3	-576,5	-260,0	104,5	-2 804,3	1 796,0	2 207,8	-411,8
Тікелей инвестициялар	806,3	-4 889,3	-2 546,6	-879,3	-372,8	-1 090,6	-2 980,1	-714,0	-2 266,1
Портфельдік инвестициялар	1 684,7	-51,4	542,8	-592,6	909,3	-910,9	1 979,3	1 658,9	320,4
Туынды қаржы құралдары	1,8	-0,3	-0,1	0,5	0,1	-0,9	-4,5	-1,8	-2,7
Басқа инвестициялар	5 700,3	1 404,8	1 427,4	1 211,4	-432,0	-801,9	2 801,3	1 264,6	1 536,6
Міндеттемелерді таза қабылдау	8 927,8	-4 265,1	-804,1	-212,7	-934,0	-2 314,3	207,4	1 024,7	-817,3
Тікелей инвестициялар	4 603,4	-179,8	899,1	-280,9	526,7	-1 324,7	850,7	1 926,3	-1 075,6
Портфельдік инвестициялар	3 071,2	-3 392,5	-1 690,7	-199,5	-1 881,3	378,9	-1 052,8	-723,6	-329,2
Туынды қаржы құралдары	-9,8	-36,3	-17,1	-5,8	-11,0	-2,3	-2,0	-1,0	-1,0
Басқа инвестициялар	1 263,1	-656,5	4,5	273,5	431,7	-1 366,1	411,5	-176,9	588,4
Қателер және қалып қойғандар	-2 088,9	1 190,9	950,8	742,6	803,7	-1 306,3	242,0	-331,3	573,2

Қазақстан Республикасының төлем балансы: стандарттық ұсыным, негізгі баптар

(млн.АҚШ доллары)

	2017	2018	2018				2019 1 жартыжылдық	2019	
			I	II	III	IV		I	II
Ағымдағы операциялардың шоты	-5 101,9	-288,9	-913,6	-556,0	-346,4	1 527,2	-1 920,1	-163,0	-1 757,1
Тауарлар	16 727,8	25 532,0	6 082,7	6 201,0	6 273,0	6 975,3	11 361,5	6 190,4	5 171,1
Кредит (Экспорт)	47 301,0	59 778,7	13 657,8	14 679,8	15 356,0	16 085,1	28 568,0	13 327,0	15 240,9
Дебет (Импорт)	30 573,2	34 246,7	7 575,1	8 478,8	9 083,0	9 109,8	17 206,5	7 136,6	10 069,9
Қызметтер	-3 577,8	-4 673,9	-940,5	-1 041,3	-1 312,1	-1 380,1	-1 849,5	-949,2	-900,3
Кредит (Экспорт)	6 504,9	7 304,3	1 591,2	1 895,1	2 010,0	1 808,1	3 529,7	1 644,3	1 885,4
Дебет (Импорт)	10 082,6	11 978,3	2 531,7	2 936,4	3 322,0	3 188,2	5 379,2	2 593,5	2 785,7
Бастапқы кірістер	-18 148,5	-22 065,1	-6 180,4	-5 842,0	-5 630,6	-4 412,1	-11 589,9	-5 508,2	-6 081,8
Кредит (алуға)	2 448,3	2 616,9	621,4	668,8	682,9	643,8	1 261,4	533,7	727,7
Дебет (төлеуге)	20 596,9	24 682,0	6 801,9	6 510,7	6 313,5	5 056,0	12 851,3	6 041,9	6 809,4
Қайталама кірістер	-103,4	918,2	124,6	126,3	323,2	344,1	157,8	103,9	53,9
Кредит (алуға)	2 088,6	2 965,5	561,0	715,5	820,3	868,6	1 091,5	512,6	578,9
Дебет (төлеуге)	2 191,9	2 047,3	436,4	589,2	497,1	524,6	933,6	408,6	525,0
Капиталмен операциялар шоты	346,8	203,4	69,9	117,7	29,9	-14,1	47,8	37,4	10,4
Кредит (алуға)	351,3	279,8	70,3	128,7	31,0	49,8	51,4	38,2	13,2
Дебет (төлеуге)	4,4	76,4	0,4	11,0	1,1	63,8	3,6	0,8	2,9
Қаржылық шот	-6 843,9	1 105,4	107,1	304,3	487,1	206,8	-1 630,3	-456,9	-1 173,4
Тікелей инвестициялар	-3 756,1	-4 857,6	-3 546,1	-728,8	-845,1	262,4	-3 716,8	-2 562,7	-1 154,1
Қаржылық активтерді таза алу	956,5	-4 643,8	-2 505,9	-860,4	-273,7	-1 003,8	-2 800,3	-592,0	-2 208,3
Міндеттемелерді таза қабылдау	4 712,6	213,8	1 040,2	-131,5	571,4	-1 266,3	916,5	1 970,6	-1 054,2
Портфельдік инвестициялар	-5 398,3	2 632,9	1 642,6	374,0	1 028,3	-412,0	4 219,7	3 286,0	933,7
Қаржылық активтерді таза алу	-3 246,9	-997,7	124,8	-738,5	-1 303,9	919,9	3 094,1	2 631,4	462,7
Міндеттемелерді таза қабылдау	2 151,4	-3 630,6	-1 517,8	-1 112,5	-2 332,2	1 331,9	-1 125,7	-654,6	-471,1
Туынды қаржы құралдары (резервтерден басқа) және қызметкерлер үшін акциядағы опциондар	115,5	109,4	0,5	71,6	37,4	-0,2	-51,1	-38,6	-12,5
Қаржылық активтерді таза алу	-31,7	96,2	57,9	-3,1	16,9	24,6	-16,9	-22,8	6,0
Міндеттемелерді таза қабылдау	-147,2	-13,2	57,4	-74,7	-20,6	24,8	34,2	15,7	18,5
Басқа инвестициялар	3 560,6	4 746,9	2 903,8	677,0	156,8	1 009,3	3 288,2	3 325,2	-37,0
Қаржылық активтерді таза алу	4 541,1	3 525,3	2 388,5	1 086,8	271,9	-221,9	3 561,6	2 671,6	890,0
Міндеттемелерді таза қабылдау	980,6	-1 221,6	-515,3	409,8	115,1	-1 231,2	273,4	-653,6	927,0
Резервтік активтер	-1 365,5	-1 526,2	-893,6	-89,5	109,7	-652,8	-5 370,4	-4 466,9	-903,4
Таза қателер және қалып қойғандар	-2 088,9	1 190,9	950,8	742,6	803,7	-1 306,3	242,0	-331,3	573,3

Қазақстан Республикасының төлем балансы: стандарттық ұсыным

(млн.АҚШ доллары)

	2017	2018	2018				2019 1 жартыжыл дық	2019	
			I	II	III	IV		I	II
Ағымдағы операциялардың шоты	-5 101,9	-288,9	-913,6	-556,0	-346,4	1 527,2	-1 920,1	-163,0	-1 757,1
Тауарлар	16 727,8	25 532,0	6 082,7	6 201,0	6 273,0	6 975,3	11 361,5	6 190,4	5 171,1
Кредит (Экспорт)	47 301,0	59 778,7	13 657,8	14 679,8	15 356,0	16 085,1	28 568,0	13 327,0	15 240,9
Төлем балансы әдіснамасы бойынша негізгі тауарлар	47 259,5	59 748,0	13 652,9	14 678,5	15 349,2	16 067,3	28 551,5	13 316,6	15 234,9
ресми статистика	48 503,3	61 111,2	13 981,4	15 060,9	15 644,4	16 424,4	28 580,5	13 338,4	15 242,1
түзетулер	-1 243,7	-1 363,3	-328,5	-382,4	-295,2	-357,2	-29,0	-21,8	-7,2
Шетелдегі тауарларды қайта сату шеңберіндегі тауарлардың таза экспорты	41,5	21,1	1,5	-1,1	5,6	15,1	13,2	9,4	3,8
Монетарлық емес алтын	0,0	9,6	3,3	2,4	1,2	2,7	3,3	1,0	2,3
Дебет (Импорт)	30 573,2	34 246,7	7 575,1	8 478,8	9 083,0	9 109,8	17 206,5	7 136,6	10 069,9
Төлем балансы әдіснамасы бойынша негізгі тауарлар	30 544,0	34 238,0	7 575,1	8 478,8	9 083,0	9 101,1	17 126,2	7 111,2	10 015,0
ресми статистика	29 599,6	33 658,5	7 459,4	8 351,4	8 801,5	9 046,2	17 052,7	7 040,4	10 012,3
түзетулер	944,3	579,4	115,6	127,4	281,5	54,9	73,5	70,8	2,6
Монетарлық емес алтын	29,2	8,7	0,0	0,0	0,0	8,7	80,3	25,3	54,9
Қызметтер	-3 577,8	-4 673,9	-940,5	-1 041,3	-1 312,1	-1 380,1	-1 849,5	-949,2	-900,3
Кредит (Экспорт)	6 504,9	7 304,3	1 591,2	1 895,1	2 010,0	1 808,1	3 529,7	1 644,3	1 885,4
Басқа жаққа тиесілі тауарларды қайта өңдеу бойынша қызметтер	8,7	28,9	3,9	8,6	4,0	12,5	50,2	29,1	21,1
Басқа санаттарға жатқызылмаған жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер	61,4	72,7	11,9	20,8	16,4	23,7	34,4	17,2	17,2
Көлік қызметтері	3 458,4	3 996,9	908,6	1 023,6	1 049,5	1 015,3	1 921,0	941,9	979,1
Жолаушы тасымалдау	220,5	396,1	60,0	122,8	120,3	93,0	213,8	98,3	115,5
Жүк тасу	2 932,2	3 222,1	764,5	802,2	832,6	822,7	1 522,7	749,8	772,9
Өзгелері	295,8	369,6	82,5	95,0	94,3	97,8	177,3	88,7	88,6
Пошта қызметтері және курьерлік байланыс қызметтері	9,8	9,1	1,6	3,6	2,2	1,7	7,2	5,1	2,1
Жол жүру	2 135,4	2 254,6	451,0	609,0	701,9	492,7	1 001,4	424,3	577,1
Құрылыс	7,5	22,5	0,4	7,4	7,3	7,4	27,2	11,6	15,6
Сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қызметтер	84,2	77,9	19,2	22,3	25,1	11,3	39,1	20,5	18,6
Қаржылық қызметтер	19,7	15,2	4,0	4,5	3,8	2,9	26,0	5,6	20,3
Басқа санаттарға жатқызылмаған зияткерлік меншікті пайдалану үшін төленетін ақы	0,7	0,9	0,1	0,0	0,8	0,0	1,2	0,2	1,0
Телекоммуникациялық, компьютерлік және ақпараттық қызметтер	116,1	122,5	26,6	32,8	28,6	34,5	58,5	25,3	33,2
Басқа да іскерлік қызметтер	368,7	461,9	113,3	108,2	114,2	126,2	246,1	112,4	133,7
Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар	5,7	5,5	0,6	0,8	2,6	1,4	2,7	1,5	1,2
Кәсіптік қызметтер және басқару саласындағы консультациялық қызметтер	109,5	118,0	27,7	29,0	25,5	35,8	59,9	24,5	35,4
Техникалық, саудамен байланысты және өзге де іскерлік қызметтер	253,5	338,4	84,9	78,4	86,1	89,0	183,4	86,4	97,0
Жеке тұлғаларға көрсетілетін қызметтер және мәдениет пен демалыс саласындағы қызметтер	0,4	0,9	0,2	0,1	0,2	0,4	1,5	1,0	0,5
Басқа санаттарға жатқызылмаған мемлекеттік тауарлар мен қызметтер	243,6	249,4	52,0	57,8	58,3	81,3	123,2	55,2	68,0
Дебет (Импорт)	10 082,6	11 978,3	2 531,7	2 936,4	3 322,0	3 188,2	5 379,2	2 593,5	2 785,7
Басқа жаққа тиесілі тауарларды қайта өңдеу бойынша қызметтер	160,6	188,0	54,7	52,4	38,9	41,9	102,2	53,9	48,3
Басқа санаттарға жатқызылмаған жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер	342,1	471,3	88,6	117,5	129,6	135,5	158,7	79,5	79,3
Көлік қызметтері	1 735,4	2 112,5	469,2	530,4	557,2	555,8	1 093,1	461,3	631,8
Жолаушы тасымалдау	134,8	165,3	33,6	44,1	46,7	40,9	73,7	37,9	35,8
Жүк тасу	1 336,8	1 552,5	342,5	378,4	407,1	424,6	815,2	325,1	490,1
Өзгелері	253,2	384,3	90,2	105,5	101,1	87,5	199,9	95,8	104,1
Пошта қызметтері және курьерлік байланыс қызметтері	10,5	10,4	2,9	2,4	2,3	2,7	4,3	2,4	1,9
Жол жүру	2 559,8	2 686,9	574,2	684,6	854,1	574,0	1 254,1	569,5	684,6
Құрылыс	318,9	444,4	3,7	195,5	141,9	103,4	76,2	18,1	58,2
Сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қызметтер	44,5	43,6	12,9	13,6	7,5	9,5	20,7	10,1	10,6
Қаржылық қызметтер	225,6	246,1	60,0	77,0	54,3	54,8	124,2	60,4	63,7
Басқа санаттарға жатқызылмаған зияткерлік меншікті пайдалану үшін төленетін ақы	117,1	167,7	31,9	35,4	50,9	49,5	56,9	26,3	30,6
Телекоммуникациялық, компьютерлік және ақпараттық қызметтер	294,8	398,9	83,1	92,0	109,4	114,4	176,9	99,6	77,3
Басқа да іскерлік қызметтер	4 009,0	5 035,1	1 119,5	1 097,5	1 332,2	1 485,9	2 240,2	1 180,3	1 059,9
Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар	10,1	12,0	1,7	2,3	2,7	5,3	4,8	1,7	3,2

	2017	2018	2018				2019 1 жартыжыл дық	2019	
			I	II	III	IV		I	II
Кәсіптік қызметтер және басқару саласындағы консультациялық қызметтер	841,3	1 518,7	343,1	339,3	415,6	420,8	576,5	319,9	256,6
Техникалық, саудамен байланысты және өзге де іскерлік қызметтер	3 157,6	3 504,3	774,7	755,9	913,9	1 059,8	1 658,9	858,8	800,1
Жеке тұлғаларға көрсетілетін қызметтер және мәдениет пен демалыс саласындағы қызметтер	141,3	52,0	10,3	12,6	14,9	14,2	21,7	12,5	9,3
Басқа санаттарға жатқызылмаған мемлекеттік тауарлар мен қызметтер	133,6	131,8	23,5	27,9	31,1	49,3	54,3	22,0	32,3
Бастапқы кірістер	-18 148,5	-22 065,1	-6 180,4	-5 842,0	-5 630,6	-4 412,1	-11 589,9	-5 508,2	-6 081,8
Кредит (алуға)	2 448,3	2 616,9	621,4	668,8	682,9	643,8	1 261,4	533,7	727,7
Қызметкерлерге еңбекақы төлеу	3,9	3,9	1,0	1,0	1,0	1,0	1,9	1,0	1,0
Инвестициялық кірістер	2 309,4	2 478,0	586,7	634,0	648,2	609,1	1 193,6	499,7	693,9
